

"Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамына кіретін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 сәуір N 447

Экономиканы басқаруды жетілдіру, бәсекелестікті дамыту мен жекешелендіруді жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясының қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың мемлекеттік мүлкі мен акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларын қайтарып алсын және оларды Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен бірлесіп "Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясының құқықтары мен міндеттемелері бойынша құқықтық мұрагерлерін белгілесін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қосымшада көрсетілген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіп бойынша және мерзімде сататын болсын.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 900 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 1993 ж., N 38, 446-бап);

"Жайлау" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 810 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 16 сәуірдегі
N 447 қаулысына
қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері сатуға
жататын акционерлік қоғамдардың
Тізбесі

"Геотехника" АҚ

"Жосалы механика зауыты" АҚ

"Геомаш" АҚ

"Аспара" АҚ

"Сұлубет" АҚ

"Алмас" ғылыми есептеу орталығы АҚ